

Құрметті Атырау университетінің профессор-оқытушылары, қызметкерлері мен студенттері!

Сіздерді ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы, егемен еліміздің Ұлы мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, абыройлы қызмет жолында толағай табыстар тілеймін!

Елбасымыздың баянды басшылығымен көпұлтты Қазақстан халқы ұлы мұратқа бет алды. Татулық пен тұрақтылық орныққан ортақ Отанымыз – Қазақстан ынтымақ ұясына, татулық төріне айналды.

Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қымбат ештеңе жоқ. Тәуелсіздік – ел мен жердің, халықтың баға жетпес байлығы. Осыдан 29 жыл бұрын 16 желтоқсан күні еліміз дүние жүзіне егемендігін жариялап, мәңгілік ел болудың алғашқы қадамын жасады. Сондықтан да бұл күн әрбір қазақстандық үшін ұлы күн. Арманымыздың асқары, бақытымыздың бастауы болған осындай тарихи мереке –

Тәуелсіздік күні құтты болсын!

«Өткенін білмей, болашақ болмас» дейді дана халқымыз. Егеменді еліміздің бүгінгі жеткен жетістігін тарихымыздың арғы шежіресінен қарайтын болсақ, бүгінгідей абыройы асқан, экономикасы дамыған, болашағына нық сенген Қазақстан болған емес. Осы Тәуелсіздікке қол жеткізу жолында еліміз талай қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткізді. Дегенмен, ынтымақты ұран, татулықты түйен бейбіт халқымыздың бірлескен еңбегінің арқасында аз уақыт ішінде дәулеті мен сәулеті жарасқан қуатты елге айналдық.

Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды, қайта түлеген, жасарып, түрленген еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

Басқарма Төрағасы-ректор м.а. С.ИДРИСОВ

16 желтоқсан
декабря

Тәуелсіздік
күнімен!

2 Университет жаңалықтары

Желтоқсан 2020 жыл

РУХАНИ МҰРАҒА ТОЛЫ ЭССЕ БАЙҚАУЫ

Биыл ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толды. Осы орайда, «Психология және арнайы білім беру» кафедрасының бастамасымен «Абайдың педагогикалық-психологиялық ой пікірлері» эссе байқауының қорытынды конференциясы Zoom платформасында өтті. Факультет деканының орынбасары Айдана Нұржанқызы ұйымдастырған іс-шараға факультет деканы А.У.Муханбетжанова, кафедра меңгерушісі Г.К.Шугаева және кафедра оқытушылары мен студенттері белсенді ат салысып, өз ой-пікірлерін білдірді.

Байқау қорытындысы бойынша I орынмен «Педагогика және психология» мамандығының 3 курс студенті Нұрай Мырзабек Мырзақелдіқызы, II орынмен «Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті Арайлым Ғайнен Азаматқызы, III орынмен «Психология» мамандығының 1 курс студенті Нұрайна Тайшаева Балтабайқызы және «Дефектология» мамандығының 3 курс студенті Аружан Тынысова Қайратқызы марапатталды.

Байқауға белсенді қатысқан студенттер арнайы алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.



Үздіктер марапатталды

1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттері арасында «Бір ел, бір тағдыр» атты эссе байқауы өтті.

Байқаудың жалпы мақсаты – студент жастар арасында ел егемендігі мен тәуелсіздігін, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев туралы, оның еңбек жолы, ел дамуындағы үлесі туралы ойларын ашық жеткізуге жол ашу.

20–27 қараша аралығында өткен байқауға барлығы 24 студент өз эсселерін жіберіп қатысқан болатын. Соның ішінде Елбасының өмірі, ел дамуына қосқан үлесі, еңбегі жайында өз ойларын мазмұнды жұмыстарымен жеткізген 6 студент төмендегідей орындарға ие болды:

1 орын – Аскарова Дана Артурқызы – Экономика және құқық факультеті, Саладағы менеджмент мамандығының 1 курс студенті.

2 орын – Бахкерейқызы Қасиет – Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Журналистика мамандығының 3 курс студенті.

2 орын – Сайнов Рамазан Сүйеуқызы – Экономика және жергілікті басқару мамандығының 3 курс студенті.

3 орын – Төлепбергенқызы Аяжан – Инновациялық білім беру факультеті, Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері мамандығының 2 курс студенті.

3 орын – Сапығалиева Дильназ Елжанқызы – Экономика және құқық факультеті, Құқықтану мамандығының 2 курс студенті.

3 орын – Жұмабаев Ерқанат Ғазизұлы – Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті,

Информатика мамандығының 2 курс студенті.

Сонымен қатар, #MENBILETINELBASU хэштегімен челлендж басталған болатын.

Челлендж ұйымдастырудың басты мақсаты – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өмірбаяны мен еңбек жолын насихаттап, жастар бойында көшбасшылық қасиеттерді дамыту.

Барлығы 20–дан астам студент 20–30 қараша аралығында Елбасының өмірі, ел дамуына қосқан үлесі, еңбегі жайында өз ойларын #MENBILETINELBASU хэштегімен әлеуметтік желілерде жариялап, челленджді жалғастырды.

Қорытындылай келе, #MENBILETINELBASU хэштегімен әлеуметтік желіде өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытқан қатысушылар арасынан үздік үштікті жариялады.

Үздіктер қатарында Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Тарих пәні мұғалімі мамандығының 2 курс студенті – Бисенов Данияр Аманжолұлы, Инновациялық білім беру факультеті, Бастапқы әскери дайындық мамандығының 4 курс студенті Жиенқұлов Жақия Исатайұлы, Көптілді білім беру факультеті, Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенті – Рысқұлова Мадина Нұрланқызы көрінді.

Байқау жеңімпаздарын Басқарма төрағасы-ректор м.а. Саламат Нұрмұханұлы қабылдап, үздік деп танылған студенттерге арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтарын табыстады.

ҚАЗАҚ ВАЛЬСІНІҢ КОРОЛІНЕ - 90 ЖЫЛ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде композитор, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдығына арналған «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ» атты музыкалық ән кеші өтті.

Шараны университеттің Гуманитарлық ғылымдар және Өнер факультеті, Музыка және өнер кафедрасы ұйымдастырып, студенттер өз өнерлерін паш етті.

Кештің мақсаты – аты аңызға айналған қазақ сазгерінің әндерін қайта шырақпен, көрерменге әдемі ырақпен жеткізу.

Халқымыздың рухани өмірі мен музыкалық мәдениетінде есімі алтын әріппен жазылған сазгер осыдан 90 жыл бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданында дүниеге келген. Ол Сарыағаштағы Қапыланбек мал дәрігерлік техникумында, Ташкенттегі музыка училищесінде және Алматы мемлекеттік консерваториясында білім алған.

Қазақтың кең байтақ даласын тербеген Шәмші әндерін білмейтін қазақ бүгінде кемде-кем. Оның 300-ден астам сазды әуендері бірнеше буынды сусындапты келеді.

Шара барысында студенттер Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ бантик», «Кешікпей келем деп ең», «Ақ ерке - Ақ Жайық», «Сыған серенадасы», «Қайықта», «Бәрінен де сен сұлу» әндерін орындап, көрермендердің ыстық

ықыласына бөленді.

Қатысушылардың еңбегі мен орындауларын жоғары бағалаған әділ қазылар құрамында Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы А.С.Болатқалиұлы, Жастар саясаты департаментінің директоры Қ.Б.Бүркітқызы, Журналистика кафедрасының оқытушысы Б.Ф.Мұсаұлы және Музыка және өнер кафедрасының меңгерушісі К.Е.Дмитреевна болды.

Қазақтың кең байтақ жерін жырға қосатын сазгердің ырғақты әндері жүрекке жылы қабылданып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Шәмші шығармаларының басты тақырыбы – елге, Отанға, ата-анаға, жарға, дос-жаранға деген сүйіспеншілік болды. Оның әндеріне көбінесе Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырза Әли, Жүмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, Тұманбай Молдағалиев, Ғафу Қайырбеков сынды қазақтың дарынды ақындары қалам тербеді.

Құлақтан кіріп, бойды алған Шәмші шығармашылығының әсем әндеріне арналған кештің соңында қазылар алқасы үздік орындау мен орындаушыларға марапаттар табыстап, естелікке суретке түсті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША АРНАЙЫ АЛҚА ҚҰРЫЛДЫ



Атырау облысының зиялы қауым өкілдерінің мұрындық болуымен КеАҚ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде мемлекеттік қызмет тарихы бойынша арнайы алқа құрылды.

Алқаның алғашқы мәжілісі мемлекеттік қызмет күні қарсаңында өтіп, университетте түлектердің арнайы бұрышы жасақталды.

Мемлекеттік қызмет істері департаменті басшысы Мүксімов Салауат Сыйлыбайұлының қатысуымен өткен шарада арнайы мемлекеттік қызметшілердің сайты таныстырылып, облыс көлемінде энциклопедиялық жинақ шығару мәселесі көтерілді. Екінші мәжілісте мемлекеттік қызметшілерді «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында тәрбиелеу, ұлттық тарих пен мәдениеттің қайнарларымен сусындату мәселесі талқыланды.

Университеттің Басқарма төрағасы-ректор м.а. Саламат Идрисов ұсынысымен жасалған «Атырау облысының киелі жерлеріне» мемлекеттік қызметшілердің саяхатын ұйымдастырудың жол картасы таныстырылды. Ғалым-профессорлар Жамиға Таңатарова, Сайполла Сапанов, Аққали Ахмет рухани жаңғырудың мемлекеттік қызметкерлердің жан-жақты кәсіби шыңдалуына, халықпен сындарлы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық тарих пен мәдениеттің, әдебиеттің рөлін баяндады.

Жиында сөз алған профессор Шахман Нағымов қазіргі ауыз су тапшылығының алдын алуда атыраулық ақын-жыраулар шығармаларында кездесетін, жер-су атауларына мән беріп, тұщы су құдықтарының да зерттелуіне бағдар берілді. Бұл бағытта, әсіресе Мұрат Мөңкеұлы шығармалары нақты мысал бола алатынын ғылыми пайымдады.

ҚР мемлекеттік мерекелері ҚР Тұңғыш Президенті күні ҚР Тәуелсіздігінің 29 жылдығына орай ҚР Тәуелсіздігіне 29 жыл:Қазақ мемлекеттілігі дамуының тарихи кезеңдері туралы профессор Ахмет Аққали Қабиханұлы, «Ұмыт қалған есімдер» мемлекеттік «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау аясында жүргізілген зерттеу жұмыстары» туралы профессор Нағымов Шахман Нағымұлы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген, мемлекет және қоғам қайраткері Әбдірахман Әйтиев туралы кітаптың таныстырылымын профессор Сапанов Сайполла Жұмабайұлы баяндады. Мерекелік шараға мемлекеттік қызмет ардагерлері – Ризуанов Қатимолла Ризуанұлы, Қосыбаев Кеңес Темірұлы, Сапаров Мұқамбетжан, Асабаева Жаннат Вахитовна, Елубаев Ұзаққали Биалаевич, Нұрғалиев Өтеген, Сүйінішев Зұлбұхар Мақсотұлы, Оспанов Рысжан Даулетұлы, Өмірбекова Жайлы Бекешқызы, Қалиев Мұқамбетқали, Сисатов Рысқали Қабдықаларұлы, Алпатанов Сергей Сағынұлы, Нұрғалиева Райса, Абдрахманов Марат Ғинаятұлы қатысты.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН, тарих ғылымдарының докторы

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Қашықтан білім беру процесін жалғастыру мақсатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кітапханасы кафедралардың сұранысы бойынша «ALEM BOOK» баспасынан шыққан оқулық пен оқу құралдарын электронды қорын пайдалануға (оқуға) ұсынады.

Төменде көрсетілген сілтеме арқылы кіре аласыздар:

<https://alemlibrary.kz>

Кіру (логин): library@asu.edu.kz

Құпия сөз (пароль): Aa123456

ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ ЫЗҒАРЛЫ

Сол 1986 жылы мен Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті математика факультетінің студенті болатынмын.

1986 жылы 16-17 желтоқсанында Алматы қаласының орталық алаңына қазақ жастары жиналып, Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың орнына Қазақстанда бір күн де жұмыс істемеген және есімі де елге белгісіз Геннадий Колбиннің тағайындалуына қарсылық танытқаны туралы хабар еміс-еміс Қарағандыға да жетті. Қазақ жастарының бұл наразылығы бүкіл сол кездегі математика жүйеге наразылыққа ұласқанын білесіздер.

19-желтоқсан, жұма күні Гоголь көшесіндегі факультеті корпусында Саяси экономика пәнінен дәріс оқитын обкомның қызметкері 2-параға сабаққа келмей қалды. Математика факультеті студенттері үшін, әсіресе 100 адамдық лектік топта сабақтың болмауы – ЧП. Осы фактінің өзі бізді таң қалдырды. 20 минуттай күтіп отырғаннан кейін біреулер кітапханаға, біреулер кафедраға, біреулер жатақханаға тарай бастады. Жатақхана оқу корпусынан 50 метр жерде, шай ішуге барайық деп қалада тұратындар да ілесіп, шұбырып жатақханаға келсек комендант есікті ішінен жауып алған, ашпайды. Біздің жатақхана Қарағанды облыстық компартиясы ғимаратының жанында орналасқан. Обкомның алды толған адамдар екен. Көбі жас жігіттер мен қыздар. Араларында басқа ұлттың өкілдері де жетеді. Араларынан таныс достарымызды көрдік. Бәріміз қастарына бардық. Жастардың аузында ән, лозунг. Олар хормен “Менің Қазақстаным” әнін айтып тұр. Тағы біреулері “Бізге обкомнан біреу шығып түсіндірсін. Алматыда не болып жатыр? Өз ауыздарынан естейік. Халыққа шықсын” деп айқайлап тұрды. Бәрімізде көкейді тескен осы бір сұраққа жауап іздеп тұрмыз.

Алайда жұрт алдына шығып басу айтатын жан баласы болмады. Обком қызметкерлері терезеден қарап қана тұрды.

20-30 мин кейін бірнеше автобус келіп обком мен жастардың арасына тұра қалды. Автобустардан жас жігіттер секіріп-секіріп түсті де бізге қарай шапты. Біз аң-таң, жармасып сүйреп сабай бастағанда барып, жатақханаға қарай қаштық. Айнала сол сәтте апыр-топыр болды. Жанталаса қашқанда штаттық формадағы еркектер студент қыздарды шалып құлатып, автобустарға сүйреп тиіп алды. «Біз бұл араға төбелес шығаруға келген жоқпыз. Бейбіт наразылығымызды білдіруге жиналды» деген сөзді тыңдайтын жан жоқ.

Автобуспен апарып СИЗОға жапты. Қызығы 1-2 сағ. кейін бізбен қатар иық тіресіп тұрып, наразылығын білдірген орыс, кәріс, эстон тағы басқа ұлт өкілдерін шығарып жіберіп, тек қазақтарды алып қалды. “Желтоқсан оқиғаларына” “қазақ ұлтшылдығы” деген айдар тағу үшін жасалғаны соңынан түсіндік.

Содан түнге дейін қамауда, допросқа болдық. Сол кездегі факультет деканы Сейдахметов Есет, деканның орынбасары Сағындықов Хәкім және куратор Әсет ағайларымыз салқын камераға түнеуге қалдырмай қолхатпен бәрімізді үйлеріне алып шықты. Допросқа 6 айдай күн сайын барып тұрдық.

Көтерілістен кейін «кінәлілер» тез арада түрліше деңгейде жазаларымызды алдық. Факультетіміздің комсомол ұйымы қарсылық акциясына қатысқандарды барынша қатаң жазалауды ұсынды. Комсомолдан қуылдық. Бәрінен де кеше ғана бірге киноға барып, бірге шай ішіп жүрген достарымыздың сатқындығы батты. Ауылдағы ата-аналарымызды шақыртты. Сол кезден бастап мейрамдарда, тіпті кәсіби практикаларға да бізді Қарағандыға қалдырмай «ссылкаға», яғни қаладан өте алысқа жіберетін болды.

Жастардың бұл шеруін баспасыз «зиянды, теріс әрекет», «ұлтшылдықтың көрінісі» және «жаппай тәртіпсіздік» ретінде баса көрсетті. Бірақ, осы “жаппай тәртіпсіздіктер” Қазақстан ғана үшін емес, сондай-ақ, КСРО көлемінде де ірі тарихи оқиғаға айналды. Олар кеңес тарихында жаңа тараудың бетін ашты.

Желтоқсан оқиғасына 34 жыл өтсе де сол бір ызғарлы күндер еске түсе қалса жүрекке шаншудай қадалады. Бұл атышулы оқиға студенттердің басына каншама қасірет әкелді. Қаншама жас жазықсыз оқудан немесе жұмыстан қуылды. Енді міне, сол күндерде зәбір көрген жастардың арман-мақсаттарының адал екенін бүгінгі таңда кім де болса мойындап отыр. Бірақ, олардың жанына, тағдырына өмір бойы ұмытылмастай салынған таңбаға кім жауап береді?

Ғалия САЛТАНОВА,
Информатика кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
Физика-математика
ғылымдарының кандидаты

Мен бақытты ұрпақпын!

«Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар: ол тәуелсіз Қазақстан»
Н.Назарбаев

Биыл Қазақ елі аңсап күткен Тәуелсіздігінің, арайлы азаттығының жиырма тоғызыншы жылына қадам басып отыр. Тәуелсіздік үшін күш жігері мен қатар ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының қасіреті де, қасиеті де жетерлік тарихына айналды. Желтоқсан оқиғасы қаншама ызғарлы естілсе де, жанымызға нұр берді. Желтоқсан жаңғырығы бізге Тәуелсіздіктің таңын әкелді. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде, 1991 жылдың 16-желтоқсан күні жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді. Өзінің Туымен, өзінің Елтаңбасымен, өзінің Әнұранымен осылайша жап жаңа мемлекет бас көтерді. Қазақстан мемлекеті қаншама қиындықтарға жолықса да, ешқашан мойымай, төзімділіктің арқасында, еңсесін тік ұстап, бүкіл

әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғасыр атамекен жеріміз, ешкімде жоя алмаған тіліміз, салт-дәстүріміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі, ең ұлы күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы әлемге танылған озық мемлекеттердің қатарында. Алайда осы тәуелсіздікті бізге, өздерінің өмірі мен бостандығын қиып, алып берген қазақтың батыр ұлдары мен батыр қыздарын атап айтсақ Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова, С.Мұхамеджанова, Е.Сыпатаев апаларымыз бен ағаларымыздың есімдері тарихта мәңгі қалады. Мен осы Қазақстан деген бүкіл әлем мойындаған елде туғаным мақтан етемін. Болашақта мен осы еліміздің



мақтанышы болып, еліміз өркендеуіне бар күшімді саламын деп айта аламын. Мен өзімнің туған елім, туған жерім Қазақстан Республикасын жақсы көремін!

Инкар АДИЛОВА,
Х.Доспанова атындағы орта мектебінің 5 а сынып оқушысы

Азат елдің ұланымыз!

Менің Отаным Қазақстан! Біз осындай тәуелсіз мемлекетте тұрып, өзіміздің қазақ деген мемлекет екендігімізді айқындайтын көк туымыздың барын мақтан етеміз. Әсем әуенмен шырқалатын Әнұранымыз және елдігіміздің айғағы бұл біздің Елтаңбамыз!



16 желтоқсан оқиғасын біз тек қана том-том болған кітап беттерінен ғана оқып, ұстаздарымыздың айтқан оқиғаларынан білеміз. Бұл бізге сонау жылдардан қалған естелік болса да, біз бұл күннің шығу тарихын құрметтейміз! Өйткені, осы күні ел егемендігін, қазақ тілінің қор болмауын, Тәуелсіздік үшін шырылдап жан берген аға-апаларымыздың сол кездегі жанқиярлықпен өткен ызғарлы күннің қандай болғанын елестете отырып бір деммен тыңдаймыз. Осындай азаппен кел-

ген Тәуелсіздікті кірлетпей, таза ұстау біздің борышымыз! Біз ата-бабаларымыз аңсаған, кең байтақ даламызды қорғауға міндетіміз деп санаймын. Отанымыздың аспаны ашық, әр таңы арайлы, болашағы нұрлы болсын деп тілеймін. Келешекте бейбіт күннің бетін бұлт баспасын, барлық әлемде бейбітшілік болсын. Мен қазақпын! Қазақ жерінде, елінде туылдым. Соны мақтан етемін. Отанымды сүйемін!

Аружан ЖАНТЕМИРОВА,
Х.Доспанова атындағы орта мектептің 5 а сынып оқушысы

Менің Отаным - Қазақстан!

Мен егемен, азат елдің ұланымын! «Тәуелсіздік тәңірдің берген сыйлығы» дегендей, мен қазақ болып туылғанымға қуанамын. Тәуелсіздік бізге оңай келмеген. 1991 жылы бүкіл қазақ халқының жадында қалатын жыл, себебі, осы жылы егемен елді Тәуелсіз Қазақстан атандық. Содан бері әр жылдың 16-желтоқсан күні батыр аға-апаларымызды еске алып қуана да, мұңайып әр түрлі мерекелік шаралар өткіземіз. Мен егемендік туралы тарихқа қарап, ата-анамның айтуымен білемін. Бейбіт елде өмір сүріп, заман ағымына ілесіп, бүгінгі күн,

ертеңгі тарих деп еліміз аман, жеріміз тыныш болсын деймін. Әр ұлттың өз тарихы бар. Біз қазақ халқы тәуелсіз егемен ел болуды сан ғасырлар ата-бабаларымыз армандағанын, болашақ ұрпағына осындай егемендік алу үшін жан беріп, Отан үшін отқа түскенін тарих беттерінен оқып, біліп жүрміз. Мемлекетіміздің өркендеуі дамуына әр қазақ баласы өз үлесін қосу керек. Мен де оқып, білім алып туған еліме адал қызмет етемін!

Медет ЗЕЙНУЛЛА,
Х.Доспанова атындағы орта мектебінің 5 а сынып оқушысы



Тәуелсіздік-ең басты құндылығымыз!

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретіні сенемін»
Н.Ә.Назарбаев

16-желтоқсан азалы да, қаралы күн. Бұл күнді мереке ретінде тойлап тақтамай, алайда бұл күннің тарих беттерінен осынау біздің бейбіт өмірімізге оңай келмегенін көреміз. Сол бір күн, сол бір сәт, сол уақытқа көп жанның жүрегіне жара салған, осы күні сол мезеттегі құрбы-құрдастарының көз алдынан өткен тарихи сәт ұмытылмай ма! Жанұшырған дауыстар, қаһарлы адамдардың суық көздері мен іс-әрекеттері жүрекке қанжардай тиген ащы сөздері бәрі-бәрі сол кезеңнің ұмыттырмас қара күйесі еді. Бұл желтоқсанның ызғарлы суығы өрімдей жастардың өмірін қиған ала-сапыран қарбалас болған күн еді.

Бүгін міне, біз азат елдің тәуелсіз Отанымыздың ұрпағымыз. Қанмен келген ұлы жеңістің арқасында мамыражай өмір сүріп жатырмыз. Осы орайда, өзін жұмыс жасайтын Х.Доспанова атындағы



орта мектебінің 5 а сыныбына 16-желтоқсан туралы ақпараттармен бөлісіп, бізге Тәуелсіздіктің оңай келмегенін, аға-апаларымыздың қанмен жеткен азаттығының осындай Қазақстан деген ұлы мемлекетке айналуымызға себеп болғанын атап өткен болатынмын. Күні кеше ғана өткен 1-желтоқсан Тұңғыш Прези-

дент күніде осы тәуелсіздігіміздің айғағы. Бұл күні бүкіл қазақ елі, өз Президентін сайлап, Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында аяғымыздан нық тұрып, үлкен мемлекетке айналдық. Бұл қазақ елінің үлкен жетістігі болды.

Қазіргі жас ұрпақ, ертеңгі ел тізгінін ұстар азамат пен азаматшаларымыз. Осы өскелең ұрпаққа берер тәлім-тәрбие негізі бастауыш мектептен басталатыны мәлім. Оқушылардың патриоттық сезімін оятып, ұлт қамын ойлар нағыз «Мен қазақпын! Мен Отанымды мақтан етемін!» деп айта-тын әр жанның жұдырықтай жүрегі тек Отаным деп соғатындай дәрежеге жеткізуде үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

А. НАРЕШОВА,
Х.Доспанова атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

РУХ БОСТАНДЫҒЫНА ЖОЛ АШҚАН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы үшін Тәуелсіздіктің тарихи кезеңі 1991 жылдың 16 желтоқсан күні Конституциялық Заң қабылданған Мемлекеттік Тәуелсіздігін жариялаған күннен бастау алады. Мемлекетіміз 30 жылдай мерзім арасында еліміздегі қол жеткізген зор табыстармен қатар халықаралық мойындау мен танылуға қол жеткізді. Еліміздің 2 наурыз 1992 жылы БҰҰ-ның 46 сессиясында осы бір саликалы ұйымға бір ауыздан қабылдануы - халықаралық интеграцияға тартылуының басы еді.

БҰҰ-ның 168-ші мемлекеті болған Қазақстан Әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауына үлкен үлес қосты. 1991 жылы 23 тамыздағы Семей ядролық полигонын жабу - Қазақстан үшін зор маңызы бар тарихи шешім болды, ядролық қарудың тарамауына, заманымыздың гуманитарлық бағыттағы мәселелерін шешуге ықпал етуге қол жеткізді. 29 тамыз -жыл сайын Қазақстанның үлгісімен Дүниежүзінде ядролық сынаққа қарсы қозғалыс күні деп жарияланды және аталып өтеді. Бұл мемлекетіміздің Әлемдік саясатқа тигізген ықпалы екенінің зор қанағат сезімімен атап айта аламыз. 2018 жылдан бері Қазақстан БҰҰ -ның Қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүшесі. 30 қаңтарын 1992 жылдан бері Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше болып барлық құжаттарымен қоса 1975 ж. бері кележатырған Хельсинки Қорытында Актісіне және Жаңа Еуропалық Париж хартиясына қол қойды. 2007 жылы бұл ұйымға төрағалық етіп 2010 жылы 1-2 желтоқсанда Астана қаласында Елбасының председателдік етуімен саммитін өткізді. Бұл айтауға болмайтын зор жетістік еді. Қазақстан 180 жуық мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатып беделді Еуропа мен Азияның, Қытай, Түркі жұртының беделді ұйыдарына мүше боп енді және өз кезегінде басшылық етіп отырады. Сонымен қатар Қазақстан әлемдік және дәстүрлі діндердің конфессияларалық диалогын тұрақты қолдаушы ретінде де - Әлемге танымал. Бұл, еліміздің демократиялық құндылықтарды ұлықтаған зайырлы мемлекеттердің көшбасшысы болып, әлемдік деңгейде діни тағаттылық пен конфессияларалық келісімдерге қол жеткізетін шараларға бастамашыл болуынан көрініс табады.

Мемлекетіміздің бейбіт саясаты мен халықаралық беделінің арқасында Таулы Карабах, Тәжікстан, Иран, Сирия (Астана процессі), Украина мемлекеттеріндегі әлемдік өткір саяси дағдарыстарды шешуде Қазақстан модераторлықты жемісті атқаруға шақырылады. 2017 жылы Қазақстан ЕХРО көрмесін өткізіп, дүниежүзі алаңдатып отырған баламалы энергия көзін дамытуға жұртшылықтың көңіл аудартады. Бұның бәрі мемлекетіміздің халықаралық алаңда түбегейлі мәселелерді шешуде ұстанып отырған нақты бағытымен ұстаным - тұжырымдарының салмағының көрсеткіші екеніне күмән жоқ.

Тәуелсіз жаңа мемлекет Қазақстанда жүргізілген реформалардың жетістігі елорданы көшіруге қатысты мәселе болды. Жаңа тәуелсіз Қазақстанды жаңа елордада қалыптастыру үлкен көрегендік болғанын уақыт дәлелдеді. Ресми деңгейде бұл бастама 1994 жылы 6 шілдеде Н.Ә. Назарбаевтың республиканың Жоғарғы Кеңесі сессиясында сөйлеген сөзінде айтылып, депутаттар қолдады.

1995 жылдың 15 қыркүйекте Мемлекет басшысы елорданы Ақмолаға көшіру туралы Жарлыққа қол қойса, 28 қыркүйекте үкімет Мемлекеттік мекемелерді көшіру жөніндегі комиссияны құрады. 1997 жылдың 20 қазанында тәуелсіз Қазақстанның өмірінде маңызды

тарихи оқиға орын алды: Мемлекет басшысының Жарлығымен Елорда - Ақмола қаласы болды.

1997 жылғы 8 қарашада елордаға мемлекеттік биліктің ерекшелік белгілері - ту, елтаңба және Президент штандарты әкелінді. Парламенттің қос палатасының бірлескен мәжілісінде Н.Ә. Назарбаев: «Бүгін біз, Қазақстан Республикасының өкіметінің жоғарғы органдары 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола мемлекетіміздің астанасы болып табылады деп салтанатты түрде мәлімдейміз», - деп атап көрсетті.

1998 жылдың 6 мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. 1998 жылы ЮНЕСКО шешімімен Қазақстанның жаңа елордасына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы мен медалі табыс етілді. Астананың халықаралық таныстырылымы 1998 жылдың 10 маусымында бірқатар шет мемлекеттердің басшыларының қатысуымен өтті.

Әр қаланың имиджі - университет. Астанада (Нұрсұлтан қаласы) Назарбаев университеті үлкен имиджге ие болуда. Назарбаев университеті 2010 жылдың қыркүйегінде Foundation дайындық бағдарламасына алғашқы студенттерін қабылдады. Университеттің ашылу рәсімінде Мемлекет басшысы: «Жаңа университет біздің еліміздің жоғары білімінің негізгі флагманы болып табылады. Сіздер - оның бірегей әрі алғашқы командасысыздар. Сондықтан да, ғылым мен білім мұхитындағы университеттің жолы көбінесе сіздерге байланысты» - деді.

2010 жылдың 22 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Мәжілісі жоғары Назарбаев университетінің мәртебесі туралы Заң жобасын мақұлдады. 2011 жылдың басында Қазақстан Президенті бір-бірімен тығыз байланысқан, бірегей әрі қуатты ғылыми-білім бірлестігін білдіретін «Назарбаев Университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы ҚР Заңына қол қойды.

Қазіргі таңда бұл университет өзіндік білім беру стандарттарымен жұмыс істеуде. Осындай университетті ашудың негізгі идеясы - академиялық бостандық және толықавтономия принциптері бойынша қызмет ететін халықаралық деңгейдегі университет құру. Сондықтан да университеттің барлық академиялық және ғылыми-зерттеу бағдарламалары әлемдегі үздік «отыздыққа» кіретін табысты университеттерімен серіктестік негізінде жүзеге асады. Бұл ЖОО Қазақстанның барлық жоғары мектептерінің жаңартуының қозғаушы күші ретінде жұмыс атқаруына үнделген.

Профессорлық-оқытушылық және ғылыми-зерттеушілік құрам шет елдік тәжірибелі профессорлармен, сонымен қатар, шетелде білім алып келген және шет тілдерді меңгерген отандық ғалымдардан құралған.

Білім беру ағылшын тілінде жүргізіледі. Білім алушылардың жалпы саны шамамен үш мың адамды құрайды. Жылына 500 адам грант иегері атанады. Ақылы білім алу да бар.

Қазіргі таңда студенттер

мен магистранттардың басым көпшілігі мемлекеттік және демеушілік гранттар есебінен тегін білім алуда. Студенттер мен магистранттар көтеріңкі шәкіртақы алады және заманауи жайлы жатақханалармен қамтамасыз етілген. Оқуға түсушілердің негізгі контингенті - «Назарбаев зияткерлік мектебінің» және еліміздегі басқа да мектептердің дарынды түлектерінен тұрады.

Бұл жоғары оқу орнының ерекшелігін Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай көрсеткен: «Еліміздің болашақ зияткерлік элитасын қалыптастыру мақсатында отандық білім беру жүйесінің барлық артықшылықтары мен үздік әлемдік озық ғылым-білім беру тәжірибесі үйлесім тапқан, Қазақстанның ұлттық бренді болуына міндеттелген оқу орны құрылды».

2015 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Назарбаев Университетінің алғашқы түлектерінің бітіру рәсімі өтті. Сол жылы университетті 446 студент аяқтады. Ал, 2016 жылдың маусым айында 178 магистрант мен 443 бакалаврдан тұратын екінші түлектерін ұшырды.

Бұл жоғары оқу орнын бітірушілердің бір бөлігі білім алуды осы университетте, сондай-ақ, Массачусетс технология институты, Стэнфорд университеті, Колумбия университеті, Принстон университеті, Сан-Диегодағы Калифорния университеті, Сингапур Ұлттық университеті, Пенсильвания университеті, Лондонның университеттік колледжі (UCL), Империя колледжі, Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебі тәрізді әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарында жалғастырады.

Университет түлектерін білім беру, аудит және консалтинг, құрылыс және өндіруші салалары бойынша жұмыспен қамтамасыз ету үрдісі де жүзеге асырылады. Университет түлектерінің бірқатары әлемнің жетекші компанияларының қазақстандық филиалдарында жұмыс істейді. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту барлық университеттердің мақсаты, ауқымды жұмыстар жүргізе отырғаны, заманауи бағдарламалармен оқыту әдістемелерін білікті мамандардың даярлауы, дуальдік, техникалық, кәсіптік, сандық білім беруге айрықша назар қойылуы сияқты қайта құрулардың - келешекте берер жемісі маңызды.

Университеттерде бұл реформалардың іске асырылуы - мемлекеттің болашақ дамуы қамтамасыз ететін іргелі, өзекті мәселелер нәтижесі жылдар өткен соң жарқырап көрінері даусыз.

Университеттер әлемдік өркениеттің өнімі ретінде қиын-қыстау күндерде де рух бостандығы мен тәуелсіздігінің орны болған. Сондықтан білім берудің сапасын көтеру арқылы дүние жүзіндегі білім беру кеңістігінде біздің білім берудегі рейтингімізді көтере аламыз. Сонымен қатар біз дайындаған мамандар қуатты күшке айналып, «Қазақстан - 2050» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыруда белсенді болатынына сенімдіміз.

Елбасы Н. Назарбаевтың салықалы саясаты нәтижесінде жүргізілген қоғамдық-саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық реформалардың іске асырылуымен әлемдік сахнада демократиялық, зайырлы ел ретінде лайықты орын алды.

Жамиға ТАҢАТАРОВА,
т.ғ.д., қауымдастырылған профессор,
«Рухани жаңғыру» жобалық кеңесі жетекшісі



ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТӘУЕЛСІЗ САЯСАТ, ЖАҢА МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі 29 жыл ішінде үлкен тарихи жолдан өтті.

Тарихи өлшем тұрғысынан әрине 29 жыл аз уақыт. Бірақ, Қазақстанның осы уақытта жүріп өткен тарихи жолы, қабылданған шешімдер бір ғасырлық, бір дәуірге лайықты. Соған тең.

1. Н. НАЗАРБАЕВ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨШБАСШЫСЫ (1991-1999 ЖЖ.)

1991-1999 жж. Қазақстан және оның көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев қабылдаған шешімдері мен жүзеге асқан саясатына қысқаша сараптама жасайтын болсақ, 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Елбасы өзінің тарихи сөзін сөйледі. Бұл баяндама-сында Н. Ә. Назарбаев Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес /АӨСШК/ құруды, аймақтық және ғаламдық қауіпсіздік проблемасын көтерген болатын. Бүгінде АӨСШК беделді халықаралық ұйымға айналып отыр.

Назарбаев Қазақстанның халықаралық сахнадағы беделін нығайту үшін, 1990 жылдары Таулы Карабах мәселесін реттеуде РФ басшысы Б. Н. Елцинмен бірге бітімгершілік миссиясын жүзеге асырды.

1994 жылы Н.Ә. Назарбаев М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде, Ресей профессоры мен зиялы қауымы алдында, Евразиялық интеграция идеясын құруды ұсынды. Бірақ кейбір Кремлдегі сол кездегі шенеуніктер Елбасының бұл ұсынысына мән бере қойған жоқ. Тіпті оны сынға алып, Қазақстан басшысына сын көзбен қарағандар да болды. Алайда тарихи даму Назарбаев идеясының өміршең екендігін дәлелдеді. Бүгінде өзінің қатарында РФ, Қазақстанды, Белоруссия, Қырғызстан және Арменияны біріктіріп отырған Евразиялық Экономикалық Одақ 2015 жылдан бастап қызмет атқаруда. Әрине ЕЭО алдындағы барлық проблемалар шешілді деп біз айта алмаймыз. Бірақ, өз қатарында 5 мемлекетті біріктіріп, 185 миллиондай халқы бар нарық құрылды.

Тәуелсіз Қазақстанның аймақтық көшбасшылық рөлі 1996 жылы Еуропадағы Қауіпсіздікпен Ынтымақтастық Ұйымының кезекті Саммитінің Қазақстанда өткізу идеясынан да айқын көрінді. Бұл ЕҚЫҰ ТМД мемлекеттеріндегі, оның ішінде Орталық Азиядағы өткен бірден бір халықаралық Саммит болды. Саммит 2010 жылы Астанада өтті.

Қазақстан көп этностық мемлекет. Осыны ескере отырып, 1995 жылы Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Бүгінде ҚХА айқын саяси күшке, саяси институтқа айналып отыр. Биыл ҚХА 25 жыл толды. Сонымен 1991-1999 жылдары Қазақстан үшін оңай уақыт болған жоқ. Бір жағынан халықаралық жағдайдың күрт шиеленісіп кетуі, екінші жағынан жас мемлекеттің жаңа экономикасын, мемлекеттілігін нығайту керек болды.

2. ЖАҢА ҒАСЫР - ЖАҢА МАҚСАТТАР

2000 жылға қарай Қазақстан Республикасы халықаралық сахнадағы беделді әлемдік факторға айналып үлгерді. ҚР аймақтағы көшбасшылық рөлі 1999 жылы ЕҚЫҰ Стамбул Саммитінде айқын көрінді. Бұл Саммитте Н.Ә. Назарбаев Ақтау-Баку - Джейхан мұнай құбырын құруды ұсынып, бұл ұсыныс АҚШ және ЕО мемлекеттері тарапынан толық қолдау тапты.

2000 жылы жаңа ғасыр басталды. Тәуелсіз Қазақстан алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер тұрды. Осының барлығында Қазақстан өзіне сенімді көшбасшысымен бірге барлық қиындықтарды жеңе білді. 2000 жылға қарай Қазақстан және әлем мемлекеттері жаңа қауіп-қатарларға тап болды.

Олардың қатарында халықаралық ланкестікпен күрес; 2007 әлемді жайлаған қаржы дағдарысы; елдің ішіндегі жемқорлықпен күрес; Ауғанстанмен байланысты Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерінің күрт шиеленісіп кетуі; 2011 жылғы АҚШ лаңкестік оқиғаларының халықаралық күш ара салмағына әсері; «Араб көктемі» деген атпен белгілі болған Таяу Шығыс елдеріндегі революциялар ызғарының Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттеріне әсері; ТМД қамтығын «түрлі түсті» революциялар, олардың ішінде 2005, 2010, 2015, 2020 жж. Қырғызстандағы саяси төңкерістер, 2015 жылғы Украинадағы революция, Таулы Карабахтағы ескі даудың Армения мен Азербайжан мемлекеттері арасындағы жаңа соғысқа алып келуі; қазіргі пандемия дерті.

Қазақстан идеологиясы қандай? Осы сұрақ көпшілікті мазалайтыны белгілі. Менің ойымша Қазақстан идеологиясы Қазақстанның тәуелсіздігі, Тәуелсіздік идеологиясы.

Қазіргі кезде біз «Араб көктемі», Қырғызстан, Украина, Белоруссия, Армения мен Азербайжан оқиғалары Қазақстанда қайталанма деген сұрақты жиі естиміз. Біздің ойымызша қазіргі саяси тұрақсыздықтар мен жаңа қауіп - қатерлердің бірден-бір себебі, мемлекеттегі саяси жүйенің, саяси партиялардың дағдарысы және ең бастысы олардағы саяси көшбасшының болмауы салдарынан туындап отыр.

Қазақ халқы Тәуелсіздік жылдары әлемдік қауымдастыққа өзінің аса парасатты, данышпан халық екендігін дәлелдеді. Дәлелдей бермек.

С.Ж. САПАНОВ,
т.ғ.д., Х.Б. Табылдиев атындағы Каспий өңірі тарихы, археологиясы және этнологиясы ҒЗИ директоры

ЦЕННОСТИ НЕЗАВИСИМОСТИ И ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВА

Независимость Казахстана – особая страница в истории государства и нации, славной летописи казахского народа. Независимость предоставила нам колоссальные, прежде невиданные возможности, сегодня казахстанцы являются хозяевами своей судьбы, шире раскрылся творческий потенциал народа. В обществе повысился интерес к собственной истории, являющейся одним из важнейших факторов развития национальной идентичности и духовности. Ведь осмысление ценности и смысла нашего суверенного развития должно опираться на глубокое знание истории своей Родины. Первый Президент страны Н.Назарбаев писал в одной из своих работ, что без огромного сознательного труда миллионов людей, без осознания своей собственной роли в тысячелетней истории этноса, нельзя построить национальной идеи. Только зная историю своего народа и страны, начинаешь понимать особую ценность обретенной в конце прошлого столетия Независимости.

Обретение государственного суверенитета – это итог борьбы, устремлений и чаяний предшествующих поколений. В условиях Независимости мы возрождаем национальную историю, воздаем дань благодарной и немеркнувшей памяти яркой когорте казахской интеллигенции, мечтавшей о свободе и развитии Родины, отдавшей свои жизни для блага народа, возвращаем из забвения их имена. Советская власть подвергла репрессиям цвет казахской интеллигенции: это блестящая плеяда деятелей Алаш Орды – Алихан Бокейханов, Алимхан Ермеков, Ахмет Байтурсынов, Мыржакып Дулатов, Мухамеджан Тынышпаев, Халел Досмухамедов; видные государственные деятели – Турар Рыскулов, Сакен Сейфуллин, Смагул Садвокасов, Жанайдар Садвокасов, Нигмет Нурмаков, Жалау Мынбаев и др. Вынужден был эмигрировать лидер туркестанского национального движения Мустафа Шокай. Все они были выходцами разных социальных слоев, представителями различных вариантов общественно-политического выбора в эпоху революционных бурь, но все они видели свое предназначение – в служении коренным интересам родного народа.

Только с обретением Независимости стало возможным изучение «белых пятен» истории, судеб лидеров алашского движения и национальных деятелей. Совсем недавно найдены могилы Алихана Букейханова, Турара Рыскулова, Назира Торекулова, Султанбека Хожанова, Нигмета Нурмакова, на которых теперь установили памятные надгробные плиты, возвращен на родину прах Смагула Садвокасова. Жизнь их всех была борьбой, истинным служением народу и самопожертвованием.

Казахские интеллектуалы многое сделали в изучении и пропаганде национальной истории, культуры и традиций народа. В 1920 году Алихан Букейханов призвал молодежь, подверженную идеям «Алаш» и не замеченную прежде в открытых выступлениях против советской власти, вступить в партию большевиков, войти в доверие новой власти и посредством этого служить национальным интересам.

Бывшие деятели Алаш и представители казахской управленческой элиты, научной и творческой интеллигенции заложили фундамент казахской государственности. Они приняли также активное участие в процессе национально-территориального размежевания Средней Азии и воссоединения казахских земель. А. Букейханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, А. Беремжанов, М. Шокай, Ж. Акпаев, М. Тынышпаев, А. Ермеков, а позже С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Садвокасов и Н. Нурмаков прилагали все усилия для обеспечения целостности казахской территории.

Алашская идея сыграла большую роль в сохранении национального самосознания народа, о чем свидетельствуют архивные документы. Несмотря на запрет деятельности партии Алаш Советами, даже через десятилетия ее идеи не угасли в памяти и сознании народа. В 2005 году, когда в Спецгосархиве КНБ РК, изучая документы, я впервые прочитала переданные агентом органов госбезопасности слова, сказанные Муратом Ауэзовым, аспирантом восточного факультета МГУ, на собрании казахского студенческого землячества «Жас тулпар» в 1963 г., меня потрясла сила слов: «В 1937 году и раньше были уничтожены лучшие люди, лучшие представители казахской интеллигенции, которые могли бы создать

огромную культуру. В 1932 году погиб миллион казахов, среди них погибло много талантливых людей. Молодежь наша должна обо всем этом знать и помнить. ... Все традиции и обычаи наших отцов и дедов забыты. ... Жизнь современной казахской молодежи не интересна. Многие как в аулах, так и в городах много времени проводят в пьянках, драках, занимаясь «нантабаризмом» (от слова «нан табар», т.е. «зарабатывать на кусок хлеба»). Мало кто из них мечтает о чем-нибудь. Задача «Жас тулпар» – пробудить в сердцах молодежи любовь к национальной культуре, заразить мечтой, увлечь. Наша задача – пропагандировать казахскую литературу, искусство и музыку как среди казахского населения в аулах, так и среди русского в городах».

Для нынешних поколений чрезвычайно поучительны уроки и образцы высоких устремлений и гражданского духа, ответственности перед обществом казахской интеллигенции начала XX века. Они были уникальными людьми, формировавшими мировоззрение своей эпохи, получившими блестящее образование. Это были люди действия, самоотверженно служившие интересам народа. Олег Ермеков, сегодня проживающий в Лондоне, внук Алимхана Ермекова, говорит, что его дед знал пять языков, предугадывал во встречающихся на его пути молодых людей будущий талант и напутствовал их, давал наставления.

...Казахские интеллигенты того поколения были людьми высокого духа и самопожертвования и, осознавая свою миссию и предназначение, добросовестно исполняли свой гражданский, человеческий долг. Миржакып Дулатов в Письме к поколению, написанном в тюрьме в январе 1929 года, писал: «...Совет үкіметіне қарсы күрес деп шулашып жүргендеріміз – қазақ ұлтын өз бетінше өмір сүрсін деген мүддеден туған ниет қана. Өз отанымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз. ... Ғұмыр болса, дәм жазса – ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адамас – халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын». В этих словах Дулатова мотивировался смысл его жизни и борьбы: стремление обеспечить реализацию интересов казахского народа, своей страны. Дулатов заверял в данном письме, что не пожалеет своих сил в борьбе во имя светлого будущего родного народа.

Выпуская в эмиграции юбилейный, сотый, номер «Яш Туркестан», Мустафа Шокай в 1938 году, веря в свою мечту, призвал родной народ к единству и независимости: «...Взойдет солнце освобождения и независимости, и мы, скромные борцы, ...будем на родной земле, среди родного народа... Туркестанцы должны помнить, что единство национальное там – на родине и единство в работе здесь – в эмиграции, единство в целях и верность обязанностям – единственно правильный путь к освобождению и утверждению независимости родины». Сегодня, в условиях Независимости, как не вспомнить гениальные слова Мустафы Шокая: «Национальная свобода есть следствие национального духа. А национальный дух растет и приносит свои плоды при наличии национальной свободы и независимости». Слова рыцарей национальной независимости...

Современник Мустафы Шокая, также находившийся в эмиграции, великий русский философ Иван Ильин так говорил о призвании наиболее мыслящей части общества: «Вести свой народ есть не привилегия, а обязанность лучших людей

страны. Эта обязанность требует от человека не только особых природных качеств, подготовки и образования, но и особого рода жизни. Это люди иной душевной и нервной организации, люди духовной сосредоточенности, люди иных потребностей и вкусов, иного жизненного напряжения и ритма». Иван Ильин выдвигал идеи о предметности жизни и достойном ее содержании, смысле и цели. Он подчеркивал, что каждое существо на земле и каждый человек имеет некоторую цель, которой он служит. Есть чисто субъективная цель, ведущая к удовлетворению его личных потребностей и личному успеху в жизни. «Но есть и объективная цель, главная цель жизни. Эта цель осмысливает всякую жизнь, всякое дело – эта цель не та, ради которой человек гнется и кряхтит, старается и богатеет, унижается и трепещет от страха. Эта цель – та, ради которой действительно стоит жить на свете, ибо за нее стоит бороться и умереть. У человека это более высокая, духовная – верная цель жизни, которая захватывает его душу, осмысливает его жизнь, делает его цельным. Это придает ему особый дух – дух искания, ответственности и служения». Для нынешних поколений и особенно молодежи очень важно, чтобы каждый человек знал себе цену, свою миссию в жизни, свой «икигаи», как недавно рассказывал популярному журналисту Дмитрию Гордону бизнесмен Маргулан Сейсембаев, что жизнь должна быть значимой, содержательно насыщенной, предметной. Ведь и на государственном уровне формирование нового качества нации сегодня является одним из направлений системной модернизации казахстанского общества, его духовного обновления.

...Принято считать, что понятие «интеллигенция» впервые было введено в русском языке. На Западе слой высокообразованных, глубокомыслящих людей относят к категории интеллектуалов. Такие люди воспринимают материальные блага, власть как временное явление, а духовность, культура, философия – ценности, которые никогда не исчезнут. Они – ценности и интеллектуалы – независимы от власти. Обществу и цивилизации нуждаются в лидерах, которые способны мыслить оригинально и действовать нестандартно. Мотив их стремлений: не отставать от современности и опережать ход общественного развития.

Идеи и идеалы, положения и принципы, выдвигавшиеся поколением казахской интеллигенции начала XX в., сохраняют свое значение и востребованы и поныне, в период Независимости. Это: модернизация экономики, политической и духовной сферы, демократическое, правовое государство, равноправие, общественное согласие и мир, культурный прогресс нации, привлечение не только элиты, но и широких масс к делам управления государством. Не потеряли актуальности и поныне мысли Мустафы Шокая о работнике аппарата, чиновнике: «Национальный кадр» для нас – это, прежде всего, слуга нации, выполняющий свой национальный долг ни по чьим бы то ни было приказам, а по долгу совести».

...Пройдет время, но и в последующие десятилетия и столетия достойное наследие общественной мысли и духовного опыта предшествующих поколений, людей высочайшего интеллекта и духа, будет работать на эту землю, ее народ, поддерживать его в грядущей истории...

Жанна ҚЫДЫРАЛИНА,
директор Института АНК,
доктор исторических наук, профессор



Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор **ЖАННА ҮРКІНБАЙҚЫЗЫ ҚЫДЫРАЛИНА** 1 желтоқсанда мерейлі 55 жасқа толды.

Мерейтой иесі 1983–1987 жж. Гурьев педагогикалық институты тарих-филология факультетін үздік дипломмен тәмамдап, еңбек жолын мамандығы бойынша мектеп оқытушысынан бастап тарих ғылымдарының докторы, профессор, ғылым саласындағы ұйымдастырушы деңгейіне дейін көтерілді. 1993–2002 жж. облыстық мемлекеттік басқару органдарында: Атырау облыстық тіл басқармасының бөлім меңгерушісі, Атырау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасында қызмет етті. Сонымен қатар, Қазақстандық экономика және құқық институты, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар институты Атырау филиалдарының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі болып еңбек жолын жалғастырды.

2002 жылдан бастап Жанна Үркінбайқызының өмірлік және еңбек жолы ел астанасымен байланысты. 2002–2003 жж. – ол Астана қ. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы «мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша қайта даярлау жылдық бағдарламасының тыңдаушысы болды. Академияны бітіргеннен кейін 2003–2010 жж. – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы саяси үдерістер мен технологиялар кафедрасының меңгерушісі, Мемлекеттік қызметкерлердің кәсібін жетілдіру институты директорының орынбасары, Мемлекет саясат Ұлттық мектебі «Саясаттану» бағдарламасының басшысы болып жұмыс істеді. 2010 жылдан бері ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институтына мемлекеттік теориясы мен тарихы бөлімінің бастығы қызметіне жұмысқа аударылды. 2011–2017 жылдары ҚР БҒМ Ғылым комитетінің бекітуімен «Мемлекет тарихы институты» мемлекеттік мекемесі директорының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді. 2018 жылда профессор отбасылық жағдайына байланысты туған жеріне қайта оралып, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-зерттеу институтының директоры болып еңбек даңғылындағы даму жолын жалғастырды. Ол 200 отандық және шетелдік басылымдарда шыққан Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеті, XX ғ. саяси қуғын-сүргін және ұлттық зиялыларының тағдыры, мемлекеттік этносаясат мәселелері туралы мақалалардың және 10 монографиялар, 2 тарихи-құжаттық зерттеулер мен 3 оқу құралдардың авторы.

Білім мен ғылымның даму жолында өзіндік қолтаңбасын қалдырып, тәжірибе жинақтауда озық көріне білген Жанна Үркінбайқызын университет ұжымы атынан мерейлі жасымен құттықтай отыра, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, еңбекте табыс, шығармашылық жетістіктер тілейміз!

ҚЫСҚЫ ЕМТИХАНДЫҚ СЕССИЯНЫ ТАПСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



2020-2021 оқу жылының қысқы емтихандық сессиясын тапсыру мерзімдері университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес өткізіледі. Бакалавриат студенттері үшін – 14.12.20-02.01.2021 аралығында, магистратура бойынша ғылыми-педагогикалық бағытта 2 курс магистранттары үшін – 14.12.2020-26.12.2020, 1 курс магистранттары үшін – 18.01.2021-30.01.2021, бейіндік бағытта – 1 курс магистранттары үшін – 04.01.2021-16.01.2021 аралығында өтеді.

2020 жылдың қазан айына берілген контингент бойынша бакалавриат күндізгі бөлімде – 6006 студент, бакалавриат кешкі – 902 студент, қашықтан – 301 студент және магистратура бойынша – 208 магистрант білім алууда.

Бакалавриат және магистратура бойынша білім алушылардың қысқы емтихандық сессияның кестесі тіркеу кеңсесінің жетекші мамандарымен жасақталып, екі апта бұрын білім алушылар мен оқытушылардың назарына Platonus жүйесі арқылы жеткізілді.

Емтихандар кестеге сәйкес қашықтан (онлайн форматта) тапсырылады.

Емтихан сессиясын ұйымдастыру уақыты, өткізу формасы және қойылған бағалар туралы барлық ақпарат Platonus жүйесінде болады: <http://93.185.65.183/>.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім алушыларының ағымдағы үлгерімін, аралық бақылаудан өткізу туралы Ережеге сәйкес, 2020-2021 оқу жылының қысқы емтихандық сессиясын ұйымдастыру және өткізу мақсатында жұмыстар күшейтілді.

Коронавирустық пандемия (COVID-19) кезінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, қашықтан оқыту технологиясын қолданып, қысқы емтихандық сессияны өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда аталған нұсқаулыққа сәйкес, аралық аттестаттауды (сессияны) ұйымдастыру және өткізу кезінде университет емтихан тапсырудың келесі форматтарын қолданады:

- 1) қашықтан (онлайн);
- 2) емтихан кейінірек мерзімге ауыстырылады – «I» (Incomplete) бағасын қою арқылы.

Осы семестрдегі емтихандық сессияның бір ерекшелігі өткен оқу жылының көктемгі емтихандық сессиясында ұсынылған «Жиынтық бағалауға ауыстыру» форматы алынып тасталды.

Ағымдағы емтихандарды қашықтан өткізу формаларына жазбаша емтихан, ауызша емтихан, шығармашылық емтихан, компьютерлік тест түріндегі емтихандар жатқызылады.

Қысқы емтихандық сессияда өткізілетін емтихан нысандары: ауызша емтихан – 330, жазбаша емтихан (эссе, презентация, курстық жұмыс) – 539, шығармашылық емтихан – 106, Компьютерлік тест – 38 (оның ішінде жалпы университеттік – 8 пән).

Компьютерлік тестілеу қысқа мерзімде білім алушылардың үлкен тобының білімін тексеруге, нақты оқу материалын оқу кезінде оққылықтарды анықтауға және алынған нәтижелерді оқу процесінің барысын басқару үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы жартыжылдық бойынша сессияға жалпы университеттік сегіз пәннен (Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Орыс тілі, Қазақ тілі, Шетел тілі, АКТ, Философия, Әлеуметтік-саяси модулі (әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, психология), Мәңгілік ел идеясы) компьютерлік тест прокторинг жүйесімен өткізілетін болады.

Биылғы оқу жылының қысқы емтихандық сессиясын ұйымдастырудың тағы бір ерекшелігі болып прокторинг жүйесімен тапсырылатын емтихандар санының көбейтілгені болып отыр.

Тапсырушының жеке басын сәйкестендіру (прокторинг) білім алушының қорытынды аттестаттау басталғанға дейін жүзеге асырылады. Білім алушы 24 сағат ішінде тестілеуден өте алады. Тестілеу уақытының ұзақтығы өткен оқу жылының көктемгі сессиясын нұсқаулыққа сәйкес 100 минутты құраған болса, биылғы оқу жылының қысқы емтихандық сессиясына 60 минут беріліп отыр.

Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және олар оқу жетістіктерін тексеру нысаны бойынша білім алушылардың барлық білім беру бағдарламасы және пәннің бағалау мақсатын академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін көздейді.

Академиялық қарызы жоқ білім алушылар (рейтингі – 50 баллдан кем емес болған жағдайда) емтиханға жіберілетін болады.

Емтиханды өткізу үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін және әдеттегідей сол академиялық топта оқыту сабақтарын өткізбеген алдыңғы қатарлы профессорлар мен доценттер арасынан емтихан қабылдаушылар тағайындалады.

«ЕХ» бағасы және стипендия туралы тоқталып өтсек, емтихандық сессия кезінде білім алушы ЕХ (25-49балл) бағасын алған жағдайда, екі реттен артық емес ЕХ «қанағаттанарлықсыз» нәтижесінде оқу пәні бойынша емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етіледі. Білім алушы факультет деканы атына өтініш жазып, тапсырады. Тіркеу кеңсесі бекіткен қосымша кестеге сәйкес, білім алушы емтиханды қайта тапсыруға мүмкіндік алады.

Кезекті аралық аттестация ішінде ЕХ «қанағаттанарлықсыз» бағасын қайта тапсырғанда оң баға алатын жағдайда, мемлекеттік білім грантымен оқитын білім алушы стипендия иегері бола алады.

Биылғы оқу жылында білім алушылардың контингенті бойынша грантпен оқып жатқан 1540 білім алушылар бар, оның ішінде 913 мемлекеттік, 42 республикалық, 233 (серпін), 352 (әкім гранты) және магистратура бойынша – 90 грант.

2020-2021 оқу жылының қысқы сессиясын «А-, А», «В-, В, В+, С+» деген бағаға тапсырған күндізгі оқыту нысанында мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын студенттерге факультет декандары шәкіртақы тағайындау ұсынылатын болады.

Апелляция беру тәртібі.

Ректор бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) апелляцияланатын пәндерге мамандығы сәйкес келетін оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

Емтихан сессиясы кезеңінде білім алушы әр пән бойынша апелляцияға өтініш беруге құқылы. Ол үшін емтихан нәтижелері жарияланған немесе Platonus жүйесіне бағалар қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде білім алушы аттестаттау комиссиясы төрағасының (факультет деканының) атына апелляцияға электрондық өтінішті онлайн беруге құқылы.

Апелляция нәтижелері хаттамамен рәсімделеді және оның шешімі негізінде студенттің (магистрант) жеке емтихан ведомосы жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына тіркеледі.

Емтихан сессиясы – ЖОО-да студенттерді аралық аттестаттау кезеңі болып саналады. Барлық білім алушылардың қысқы емтихандық сессияны жақсы тапсыруларына сәттілік тілейміз.

Қысқы емтихандық сессия кезінде туындаған сұрақтар бойынша келесі байланыс телефондарына хабарласуыңызға болады: Call-Center: 27-63-30, 27-63-37, 8701-6221353.

Эльмира КУККУЗОВА, Тіркеу кеңсесінің жетекшісі

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМ

Тәуелсіздік ұғымы еліміздің әрбір азаматы үшін қасиетті ұғым болуы қажет. Болашаққа зор үмітпен қараған халықтардың бірі де болса, бірегейі – қазақтар екендігіне шүбә жоқ. Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман-сау қалған халықпыз. Ұлтымыздың әр дәуірде өмір сүрген тұлғалары ұлттық тәуелсіз мемлекет құру туралы ұлттық идеяны, бейбіт және бақытты өмір туралы арманы жүзеге асатын «Жерұйықты» қажымай-талмай іздегені ақиқат. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрестің сындарлы да соқтықпалы жолдарында ұлтымыздың біртуар ұлдары мен қыздары жанкештілік ерлік пен өрліктің, қайсарлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Сондықтан да бүгінгі ұрпақ оларға мәңгілік қарыздар екендігін еш уақытта ұмытпағаны абзал.

Қазақтың ұлт болып қалыптасқан дәуірі бір бөлек, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі тарихының өзі бүгінде бір төбе болды. Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, әр жыл сайынғы орын алған саяси маңызды оқиғалармен қатар, толағай табыстарға бүгінгі ұрпақ зор мақтанышпен көз жүгіртіп отырады. Ұлттық мемлекетіміздің берік ірге тасы қаланып, келешекке деген сенім ұлғайды. Сондықтан да болашақ жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі баршаға белгілі.

Тәуелсіздік жылдарында халқымызға ұлтымыздың бірлігі үшін, әсіресе жастарға, келешек ұрпақ үшін танымдық тағылымы мол игі іс-шаралар жүзеге асырылды. Тәуелсіздіктің әр жылын ұлтты бірлікке шақыру және Қазақстан қоғамының көкейкесті мәселелеріне арнау тәуелсіздігіміздің жемісі. Оның ел өмірінде зор саяси-қоғамдық маңызы барына еш шүбә жоқ екендігі баршаға қауымға белгілі.

Ой-санамызға әлі де серпіліс қажет-ақ. Өкінішке орай, біз үшін қасиетті ұлттық мерекеміз Тәуелсіздік күні жаңа жылдың «көлеңкесінде» қалып қоюы көңілге кірбін ұялатады. Елімізде жаңа жыл жақындаған сайын алаулатып-жалаулатып жаңа жылды жарнамалау жарысы басталады. Яғни жаңа жылдық шыршалар мен құттықтаулар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаптайды.



Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр екені анық.

Уақытында Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев Ұлытау төріндегі ой-толғауында тарих туралы әңгімені тереңнен талдап өрбітті. Елбасының ел тарихы туралы ойларының негізгі арнасы өткенімізді, тамыры тереңде жатқан тарихымызды келешек ұрпаққа бояусыз, шынайы қалпында жеткізу болды. Тарихты таныту арқылы ұрпақ ұғымын кеңейтуді ойлаған Елбасы жастар тәуелсіз еліміздің тарихын таныса, білсе дейді. Бұны Тәуелсіздік деген киелі ұғымды жастар бойына сіңіру деп қабылдаймын. Адам өз тарихын білмей ұлт болып қалыптаса алмайды, ал тарихын білмеу надандықпен тең. Сондықтан жастарға ерте жастан бастап тарихты оқытып, қазақтың қалай ел болғанын санасына сіңіріп отырса, біз рухы мықты ел боламыз. Ал Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясының астарында бақытты ел болуға қол жеткізудің ұлы мұраты жатыр. Мәңгілік дегеніміз – ұлттық бірлік, зайырлы қоғам құру, яғни тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Ұлытау төрінде Елбасы көтерген осы мәселелер ел тәуелсіздігі үшін бүгін де, ертең де өзектілігін жоймайтыны анық.

Ең алдымен болашақ өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу үшін ең алдымен ұстаздар қауымы өз бойымызда жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек екендігі анық мәселе деп білеміз. Жаңа қазақстандық патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық – бұл ең аса маңызды құндылықтар бүгінгі тәуелсіз елдігіміз үшін аса қажет. Сондықтан да мемлекетіміз әр тұлғаның өмір сүру сапасына, оның қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктері мен құқықтарына, болашағына кепілдік беретін болса, онда жас ұрпақ өз туған елін сүйіп, оны әрдайым да мақтанш ететін болады. Тәуелсіздік жолы қашан да қасиетті. Болашақ ұрпақты жасампаздыққа үйрету парыз. Ұлттық бірегейлік пен ұлттық салт-дәстүр мәдени мұраның нәрінен сусындайды. Халқымыз тәуелсіздікті, ұлт бірлігін ғасырлар бойы армандады, туып-өскен «Атамекен» идеясымен рухтанды. Бүгінгі таңда Қазақ елінің төрткүл әлемге паш етуге лайықты қазынасы бар. Ол – мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен халқымыздың бірлігі.

Аққали АХМЕТ, «Мәңгілік Ел» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы

ТАРИХ ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ БОЛАР МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында «Орыс тілі мен әдебиеті, мәдениеті» орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Мақсаты – университет студенттері үшін орыс тілі мен әдебиетін насихаттау, орыс мәдениетімен таныстыру, әр түрлі елдердің мәдени мұрасын меңгеруге бағыттау, ғылыми зерттеулерде мұғалімдерге, студенттер мен магистранттарға әдістемелік көмек көрсету.

Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған орталықтың ашылуы бәріміз үшін айтулы іс-шара болып табылады.

Бір жарым ғасырдан астам қазақ жерінде орыстар тұрады. Ортақ тарих, бір-бірінің салт-дәстүрлеріне деген шынайы қызығушылық, достық, отбасылық қатынастар

қазақтар мен орыстардың ұрпақтары арқылы беріледі. Уақытпен сыналған тарихтың іргетасы ретінде қазіргі заманғы серіктестік ретінде қызмет ететін Атырау қаласындағы «Былина» орыс этномәдени бірлестігі үлкен рөл атқарады.

Шараның алғашқы бөлімі «Былина» – «Гурьевчанка» орыс этномәдени бірлестігінің вокалдық ансамблі өнер көрсетуімен басталды.

Ашылу лентасын кесу құрметі Басқарма Төрағасы – ректор м.а. – Идрисов Саламат Нұрмұханұлы мен Орал қаласындағы Ресей Федерациясы Бас консулдығының Вице-кон-

сулы – Волков Владимир Александровичке берілді.

Алғашқы сөз кезегі Басқарма Төрағасы – университет ректоры м.а. Саламат Нұрмұханұлы Идрисовке берілді.

Сонымен қатар, арнайы қонағымыз Волков Владимир Александрович Тұңғыш президент күніне орай ұйымдастырылған мәдени шара – сәттіліктің бастауы болсын деп, жүрежарды тілегін білдірді.

Сонымен қатар, кеш қонағы ретінде арнайы шақыртылған Облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Асия Қыстаубаева Баянқызы, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің төрағасы Андрей Александрович Кораблев өз ойларын ортаға салды.

Алдағы уақытта игі істің бастамасы – Орыс тілі, әдебиеті және мәдениеті орталығында конференциялар мен семинарлар, дөңгелек үстелдер мен пікірталастар, тақырыптық кештер, оқырман конференциялары, презентациялар өткізіледі.

Ерекше сезіммен шынайы ризашылықтарын білдірген Көптілді білім беру факультетінің деканы Айгүл Айтмұханқызы Сұлтангубиева мен Орыс филологиясы кафедрасының ардагері Сәуле Сергеевна Дүтбаева бұл орталықтың студенттер үшін үлкен көмек болатындығын жеткізді.

Шара соңында қатысушылар кеш қонақтарына дайындалған дастарханнан дәм татып, ыстық ықыластары мен лебіздерін айтты.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» VIII республикалық патриот жастар форумы өтті. Мақсаты – дарынды жастарға қолдау көрсету. Аталмыш форумға «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультеті, Журналистика мамандығының 3-ші курс студенті Нұржол Жақсылық қатысып, жүлдегер атанды. Форум қорытындысымен жүлделі I орынға және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 1 жыл тегін оқу білім грантына ие болған Нұржолды құттықтай отыра, оқуда табыс пен жетістіктер, шығармашылығына шалқар шабыт тілейміз. Студентіміздің көптің арасынан оза шауып, жеңімпаз атануы – біз үшін үлкен қуаныш. Олай болса, жас ақын Нұржол Жақсылықты мыңдықтың қатарынан үздік атандырыған өлеңін жариялауды жөн көрдік.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

Мен жастарға сенемін...

Болашаққа жасаған құтты амалын, Әлмисақтан қалаған нық қадамын. Бал тасыған жиылып омартаға, Сипаттары сықылды түкті араның.

Мен жастарға сенемін...

Туды төмен жықтырмас тұғырдағы, Жастайынан шыныққан шымыр бәрі.

Тарих алтын әріппен таңбалаған, Алты алаштың себебі түйіндары.

Мен жастарға сенемін...

Өр кеудеден биіктеу тұрар басы, Алға тартқан сенімнің жүк арбасын.

«Алаш» «алаш» еді деп ұрандасын. Жауларының жалауын жығар басын.

Мен жастарға сенемін...

Бабасының үлгі еткен ұлы арманын, Даласының самғатқан қырандарын.

Мен жастарға сенемін сенгендіктен, Жасын сұрткен жүрепкең жыр арнадым.

Мен жастарға сенемін...

Мен де Мағжан сенетін өрелі едім, Мынау дала менікі төбе-белім.

Ұлы рухты көтеріп ұрандатқан, Мағанда сенеді елім, сенеді елім!

БӘСЕКЕ

Жинап бедел, өз шамаммен теңестім,

Шыңын біраз бағындырдым белестің.

Белсендірек болу үшін қоғамда,

Бәсекеден жақтырмайды мені ешкім.

Сарқып алса уайымымды қауға мұң,

Аман жүрдім ұшырамай дауға мың.

Мен бәсеке болатындай базарда,

Түбін түсіріп жүрген жоқпын сауданың.

Қай адамнан бейшарадай құным кем,

Артық болсам кем емеспін біріңнен.

Мен бәсеке болатындай салоннан,

Асқан көркем емеспін ғой түріммен.

Алла жазған қысқа ғана ғұмырдың.

Көпте шығар бәсекесі бұл ұлдың,

Мен бәсеке болатындай көрші елмен,

Туын ұстап тұрған жоқпын тұғырдың.

Дін жолында талайға ақыл құйғанмен,

Биікте асу тұрған жоқпын иманмен.

Мен бәсеке болатындай Құраннан,

Тең келмеймін қари, молда, имаммен.

Айттар болсам өлеңімнің түйінін

Бәсеке осы, айналымды иірім,

Бәсекеде мен жеңіске жететін,

Бар болғаны менің адал пейілім.

Белсендісі болу үшін ғаламның,

Ақ жолынан аттамадым адалдың.

Бар болғаны таспен атқан адамды,

Аспен атып тойдыратын адаммын.

АҒАЛАРЫМА

Сыйлы елге сыйыммен тоналдым да,

Біразға іні боп жүрдім топ алдында.

Ел сенімді азамат ағалардың,

Мен сенімді інісі бола алдым ба?

Болаар адам білікпен білімі кем,

Боқ ақылын айтатын ініге кең.

Таусылғанда ақшамыз, мен сенетін,

Ағаларым бұл күнде тірі ме екен?

Аға дедім бәріңді жармай бөліп,

Іні деді мені де, алдай беріп.

Басымызды бір мезет күн шалғанда,

Жерге сіңіп кетті ғой қардай болып.

Тай сұрамас тобықтай құныға әкем,

Өз қанжары болады қынына тең.

Барлығына інінің аға болмай,

Ағаларға «аға»-деу ұлы қатем.

Ойларымды жазамын жыр үзбей мың,

Адалдығым, сырласса сыр үзбеймін.

Іні болып жарытпай ағаларға,

Аға болып енді мен іні іздеймін.

Кім болса да қазақтың ұлы болсын.

Айттар сөзі ағаңның сыны болсын.

Інім-ау деп алдынан қарсы алғанда,

Ағам-ау деп шабатын іні болсын!



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХИ ҚАЙНАРЛАРЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздік алғаннан бері, міне, жиырма тоғыз жыл. Осынау жиырма тоғыз жыл - бұрынғы бірқалыпты тіршіліктің талай жылдарына татитын оқиғаларды бойына жинақтаған уақыттың таразысы болды. Жас мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылығы, халықаралық қауымдастықтың тануы мен қолдауы нәтижесінде, экономикалық, әлеуметтік қайшылықтарға қарамастан, Қазақстан өз тәуелсіздігін мықтап бекіте алды. Тарих толқынында маңызы жоғары Тәуелсіздік туралы Декларация, Мемлекеттік Дербестік туралы заң, Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

Болашақ дамуда қазақ халқының мемлекеттігінің тарихи тәжірибесі ерекше маңызды. Бұл қазақстандық ұлтжандылықты тәрбиелеу үшін ғана емес, қазіргі тәуелсіздігіміздің келбеті мен мазмұнын дұрыс түсініп, республикамыздың болашағын анықтауда да маңызды.

Дербес Қазақ мемлекеттерінің даму эволюциясын тарихи таразыласақ, республика атын иеленген халықтың тәуелсіздік жолындағы ұзақ та қиын жолын көзімізге елестетеміз. 6-12 ғасырлардағы ерте Түрік қағандығы, Қарлұқ, Қимақ, Қыпшақ, Оғыз мемлекеттері тарихымызда ұлттық-мемлекеттік шекарамыздың негізін қалыптастырған алғашқы егеменді елдер еді. 13-15 ғасырларда Қазақ даласында билік жүргізген Монғол, Алтын Орда, Темір мемлекеттері тәуелсіздікке ұмтылған халқымыздың еркіндік рухын жасыта алмады. 1465 жылы Моғолстан мемлекеті билеушісі Есенбұғаның келісімімен Шу өзені мен Қозыбас аймағына (Жетісу өңірі) қоныс тепкен Жошының ұрпағы Ақ орданың ханы Орыс ханның немересі Керей мен Жәнібек сұлтандар тәуелсіз қазақ хандығының негізін қалады. 1465 жылы қазақ хандығы халқы саны 200 мың адамға жетіп, алғашқы қазақ ханы Керейден кейінгі ел билеген Жәнібек сұлтан, Бұрындық хан кезінде мемлекет шекарасы Сыр бойына, Арал теңізіне дейін созылды. 1511-18 жылдары ел басқарған Жәнібектің ұлы Қасым ханның кезінде халық саны 1 миллион адамнан асып, ел шекарасы Еділге дейін созылды. Мемлекеттің астанасы Жайық бойындағы Сарайшық қаласында орналасты. Бұдан кейін тарихта «аласапыранды» атауымен енген 1538 жылғы Хақназар билігіне дейінгі кезеңде қазақ хандығы бірнеше ұсақ хандыққа бөлінгенмен, халықтың ертеңгі күнге деген сенімі өшпеді. Хақназар, Шығай, Тәуекел, Есім хандар билігі

кезінде қазақ мемлекеті 1538-1628 жылдары шекарасын Сыр бойы қалаларымен, Орта азия иеліктерімен кеңейтті. 1628-1726 жылдары хандық құрған Салқам Жәңгір, Тәуке, Батыр биліктері кезінде халқымыз тәуелсіздік үшін Жоңғар мемлекетімен соғысты. Отан соғысы деген атқа ие бұл соғыста халқымыз өз дербестігін сақтап қалғанымен 1731-1991 жылдары аралығында 260 жыл бойы қазақ елі амалсыз Ресей империясының, кейін кеңестік жүйенің боданына айналды. Бұл кезеңнің хандары Әбілхайыр жоңғар шапқыншылығында ұйымдастырушылық қабілетімен халық жадында сақталса, Абылай хан екі алып держава Ресей мен Қытай арасында, айлакерлікпен дербестікті сақтай білді. Әбілқайыр ұрпағы Бөкей Нұрғалыұлы 1801 жылы Ресей отаршыл әкімшілігіне Ішкі немесе Бөкей ордасын құру туралы заң қабылдатып, қазіргі республика шекарасының тарихи қалыптасуына қол жеткізді. Ал, қазақ топтырағындағы хан әулеттерінің соңғы буыны Жәңгір Бөкейханұлы Ішкі ордада заманауи мектеп пен қала сынды орталық ашуымен есте сақталса, қазақ сахарасындағы Жошы әулетінің соңғы билеушісі Кенесары хан тәуелсіздік үшін Ресей мен Орта Азия хандықтарымен арпалыса жүріп мерт болды. Ресей империясы бодандығы ауыртпалығын арқалаған халқымыздың тәуелсіздік аңсаған асқақ арманы әрқашан биік болды. Халық рухы мұқалмады.

(жалғасын www.asu.edu.kz сайтынан оқи аласыздар)

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,
тарих ғылымдарының докторы,
«Қазақстан және дүниежүзі тарихы»
кафедрасының меңгерушісі

АЗАМАТ БОЛУ – МІНДЕТІҢ!

Ер елімен, жусан жерімен дегендей, Отан қорғау – ер азаматтың ең маңызды әрі жауапты міндеттерінің бірі. Егемен еліміздің қорғаны – ҚР Қарулы күштері қатарында қызмет етіп, халқының тыныштығын күзететін айбынды ұландар сапында болу үлкен абырой. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде осындай игі іске үлес қосып, жас ерендерді отансүйгіштікке тәрбиелеп, білім алумен қоса, әскери дағды қалыптастыруға мүмкіндік беретін Әскери кафедра жұмыс істейді. Тәуелсіздік күні қарсаңында аталмыш кафедраның тынысы, міндеті, маңызы туралы кафедра меңгерушісі Серік Акирұлы Абсаматовпен сұхбаттасқан едік.

– Серік Акирұлы, сұхбатымыздың алғашқы сұрағын кафедраның ашылу тарихымен бастасақ. Кафедраның материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілу деңгейі қандай?

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 маусымдағы N344 қаулысына сәйкес Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жанынан әскери кафедрасы құрылды. Әскери оқу бөлімде мультимедиялық құралдармен жабдықталған 5 дәрісхана және 1 компьютерлік сынып бар. Қару-жарақ сақтауға арналған бөлмеде бейнебақылау камералары орнатылған. Сонымен қатар, кітапхана, ғылыми-әдістемелік жұмыс кабинеттері, бейнебақылау камераларының мониторы қойылған кезекші бөлмесі бар. Кафедра оқу-жаттығу құралдары (стендлер, радиостанциялар, макеттер, миналар, оқу гранаталар, противогаз, ОЗК, автоматтардың макеттері, бинокль, компас), электрондық ату-жаттығу тиірі «Макаров МР – 654К» тапаншасы және «Профессионал» Калашников «ММГ-АК ПС» маркалы автоматтар, пневматикалық «Макаров» және винтовкалармен қамтамасыз етілген. Саптық алаң бар. Дала жаттығуларына арналған электр генератор, армиялық ыдыстар және тұрмыстық құралдармен қамтамасыз етілген. Материалдық базамен қамтылуы даярлық етіп жатқан әскери мамандыққа тікелей байланысты, осыған орай әскери мүліктер мен арнайы оқулықтарға, жабдықтарға ұсыныс берілуде. Кафедраның материалдық-

пенмен аяқтайды?

– 2020 жылғы 19 қазанда «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі N 375 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, «Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидалары» бекітілді.

Осыған орай, запастағы сержанттардың даярлығы 2022 жылдан бастап жоспарланады.

Ал запастағы офицерлерге келсек, запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқу үшін құжаттар бірінші (4 жылдық оқумен) және екінші (5 жылдық оқумен) курс студенттерінен қабылданады.

Әскери кафедрада оқыту үшін студенттерді іріктеуді жыл сайын іріктеу комиссиясы конкурс негізінде қабылдау жоспарына сәйкес жүргізеді. Әскери кафедраның құжаттарды қабылдауы іріктеу комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын аяқталады. Конкурсқа қатысуға конкурс өтетін жылы 24 жастан аспайтын студенттер жіберіледі.

Әскери кафедрада оқыту үшін студенттерді іріктеуге конкурс төрт кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезең – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі N373 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы



сын аяқтаған және бітіру емтихандарын тапсырған студенттер ЖЖООКБ-ны бітіргеннен кейін «запастағы лейтенант» әскери атағын беруге ұсынылады.

– 2017 жылы құрылған «Сармат» әскери-патриоттық клубы бүгінгі таңда қандай жұмыстар атқаруда, клуб жұмысының нәтижесі, жеткен жетістіктері, құрамы, мақсаты, міндеті туралы толық қамтып өтсеңіз.

– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі бағыттары – «қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» мақсатында 2017 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әскери кафедрасы жанында «Сармат» әскери-патриоттық клубы құрылды. Қазіргі таңда клубта университетіміздің профессорлар-оқытушылар құрамымен қоса 229 студент мүшелікте тұрады.

Әскери кафедра құрылған сәттен бастап Атырау облыстық білім беру басқармасымен бірлесіп, кафедра базасында Атырау облысының жалпы білім беретін және орта-кәсіптік оқу орындарының Бастапқы әскери дайындығы оқытушылары – патриоттық клубтар жетекшілерімен біліктілікті арттыру және патриоттық тәрбие жөнінде тәжірибе алмасу семинар (курстары) жыл сайын өткізілуде, аяқталуы бойынша сертификаттар беріліп, жастардың патриоттық тәрбиесіне ат салысуда.

– Әскери кафедраның әскерге барудан айырмашылығы неде?

– Басты айырмашылығы – студенттерге ЖОО-да негізгі мамандығымен бірге әскери-есептік мамандығын және «запастағы» лейтенант шеніне ие болуына мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, әскери ЖОО-да курсанттар 4 жыл оқып тек бір әскери мамандығын игереді, яғни «лейтенант» шенін иеленуге мүмкіндігі бар. Мерзімді әскери қызметке тартылған студенттер бір жыл оқудан тыс әскери қызмет етіп қатардағы жауынгерден – сержант атағына дейін иеленуі мүмкін.

– Жалпы әскери кафедраның әр жоғары оқу орнынан ашылғаны дұрыс деп ойлайсыз ба?

– Әскери кафедра Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ЖОО жанынан құрылады.

Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысына жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесі жұмылдыру қажеттілігіне және әскери оқытылған резервті жинақтау қажеттілігіне сүйене отырып, студенттерді әскери кафедраларда әскери-есептік мамандықтар бойынша даярлаудың жыл сайынғы қажеттілігін есептеуді жүргізеді және әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге жолдайды.

Осыған орай, әр жоғары оқу орнынан ашылған ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесі жұмылдыру қажеттілігіне және әскери оқытылған резервті

жинақтау қажеттілігіне, тиісті әскери-есептік мамандықтар бойынша әскери кафедралардың оқу-материалдық базасының мүмкіндіктеріне байланысты.

Қазіргі заңнамаға байланысты запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындықтан өту үшін әскери кафедраға оқуға түсе отырып, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес әскерге шақыру бойынша офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет өткеру туралы міндеттемені қабылдайды. Міндеттеме қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі. «Запастағы лейтенант» әскери атағын бергеннен кейін әскери қызметші ҚР ҚК қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде әскери қызметке ықтимал кандидаттар болып табылады.

Менің пікірім 2 жыл кафедрада алған теориялық және тәжірибелік дағдыларын ҚР ҚК-нің қатарында бекіткені дұрыс деп ойлаймын.

– Қашықтан оқыту жүйесі кафедрада қалай жүзеге асырылуда? Қолайсыз тұстары байқалады ма?

– Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап әскери кафедра студенттері қашықтан оқыту нысанына ауыстырылды. Сабақ материалдары (сабақ жоспарлары, кестелер, тезистер, слайдтар, семинар сұрақтары, тапсырмалар, сондай-ақ басқа да ақпараттар) студенттерге электрондық пошта арқылы жіберіліп, WhatsApp, Messenger желілері мен әскери кафедраның сайты арқылы орталықтандырылған.

Профессорлар – оқытушылар құрамы мен студенттер арасында ноутбуктер, ұялы телефондар арқылы кері байланыс ұйымдастырылған, сондай-ақ «Zoom» қосымшасы, Microsoft Teams арқылы сабақтар, есеп беру материалдарын қоса бере отырып, өткен тақырыптар бойынша ауызша жауап алып, үлгерімін бақылай отыра, баға қойылып конференция режимінде (сабақ кестесіне сәйкес) өткізілуде.

Студенттердің тікелей қатысуын талап ететін саптық, атыс және тактикалық дайындық бойынша практикалық сабақтарды пысықтау, оларды шектеу мерзімі аяқталғаннан кейін өткізу қарастырылады.

Емтиханның теориялық сұрақтары онлайн форматында бақылау арқылы комиссия мүшелерінің қатысуымен қашықтан қабылданады.

Қолайсыз тұстары – әскери даярлық негізі офлайн, практика жүзінде өтуі тиіс.

– Серік Акирұлы, сұхбат беріп, пайдалы ақпараттармен бөліскеніңізге рахмет. Жұмысыңызға толағай табыс тілейміз. Елімізді қорға отансүйгіш, ержүрек азаматтарға әскери бағытта тәлім-тәрбие мен тәжірибе беру жолындағы еңбегіңіз елене берсін!

– Сізге де рахмет. Университетіміздің болашағы жарқын, елін ойлайтын білімді, батыл студенттеріміз көп болсын!

А. МУТИЕВА



техникалық, әлеуметтік дамуында университет басшылығы көп назар аударып, ықпал етуде.

– Әскери кафедраның мақсаты, міндеті, бағыттары қандай?

– Әскери кафедраның басты міндеті – әскери дайындық пәндері бойынша оқу және ғылыми-әдістемелік жұмысты, студенттер арасындағы тәрбие жұмысын, кафедра бейіні бойынша ғылыми зерттеулерді, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және жоғары деңгейде жүзеге асыру болып табылады.

– Студенттер кафедраға қай курстан бастап қабылданады? Неше жыл оқиды? Қабылдану үшін қандай шарттар орындалуы тиіс? Студент кафедраны қандай

ережеге (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізлімінде N11846 болып тіркелген) сәйкес медициналық куәландырудан өту;

екінші кезең – кәсіби-психологиялық тестілеу жүргізу;

үшінші кезең – дене шынықтыру дайындығын тексеру;

төртінші кезең – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ЖЖО-ОКБ) басшысы жасайтын және бекітетін рейтингтік балл есебіне сәйкес жүзеге асырылатын конкурстық іріктеу.

Конкурстың әрбір кезеңінен бір рет өтуге жол беріледі.

Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындықтың толық кур-

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Редакция:

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1640 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана